

\*<sup>1</sup> **Оспанов Н.М.**  <sup>2</sup> **Құрманбаева Қ.С.**  <sup>3</sup> **Батырхан Б.Ш.** 

<sup>1,2</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
E-mail: <sup>1</sup>osp\_nurlan@mail.ru, <sup>2</sup>kurmanbayeva.ks@gmail.com, <sup>3</sup>hafizbolat@mail.ru

## ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақала Кеңес Одағы ыдырап, Оңтүстік Корея президенті Ро Дэ Удың «Солтүстік саясаты» басталғаннан кейінгі Қазақстан – Оңтүстік Корея ынтымақтастығын зерттеуге арналған. Мақаланың жаңалығы – Қазақстан бойынша тарих, мәдениет, география, экономика және саясат саласындағы материалдарды қамтитын Оңтүстік Кореяның ғылыми әдебиетін кешенді талдау. Оңтүстік Корея зерттеушілердің еңбектерін зерттеу Астана мен Сеул арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен кезеңдерін түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі мақсаты – оңтүстіккореялық ғалымдардың экономика мен қазақстантану саласындағы зерттеулерін айқындап, қазақстандық шығыстанудың ғылыми айналымына енгізу. Бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Оңтүстік Корея ынтымақтастығы контекстінде экономика саласындағы Оңтүстік Кореяның мерзімді баспасөзін, Орталық Азия бойынша материалдар мен архивтік материалдарды электрондық форматта зерделеу, Сеул тұрғысынан екі жақты әлсіз және күшті жақтарын анықтау. Мақалада оңтүстіккореялық материалдарының негізінде, Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы ынтымақтастықты зерттеуге мүмкіндік беретін сипаттамалық және тарихи талдау әдістері қолданылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер авторлардың Қазақстан мен Оңтүстік Корея ынтымақтастықтың басында екі елдің саяси және экономикалық шындықтары туралы хабардарлығы шағын болды деген қорытынды жасауына алып келеді.

**Алғыс:** Мақала ҚР ҒЖБМ «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшемдегі Қазақстан алдындағы геосаяси сын-тегеуріндер және жаңа перспективалар» (№ BR 20281006) атты іргелі ғылыми зерттеу шеңберінде даярланған.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Оңтүстік Корея, ынтымақтастық, екіжақты қатынастар.

### Кіріспе

Оңтүстік Кореяны Қазақстан аумағының кеңдігімен, табиғи байлығының болуымен, тиімді геостратегиялық орналасуымен және геоэкономикалық потенциалымен қызықтырады. Бай энергетикалық және басқа да ресурстардың болуы, Батыс пен Шығыс арасындағы еркін транзиттік сауда мүмкіндігі Оңтүстік Корея бизнесінің назарында. Өз кезегінде, Оңтүстік Кореяның табиғи ресурстары мардымсыз және салыстырмалы жоғары сапалы адами капиталы бар. Сеул ұзақ уақыт бойы сауда арқылы нарықтарды кеңейтуге және экономикалық өсім негізі ретіндегі халықаралық еңбек бөлінісі есебінен ресурстарды бөлу арқылы тиімділікті арттыруға сүйенді (Minhyeon J, 2022: 208).

Кеңес Одағы ыдырап, халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесі құлағаннан кейін, бүкіл әлемде ғана емес, Орталық Азияда да, Корей түбегінде де күштердің конфигурациясы өзгерді. Кеңес Одағы ыдырағанға дейін, Оңтүстік Корея президенті Ро Дэ У социалистік лагерь және Қытаймен қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған өзінің «Солтүстік саясатын» жүргізіп жатқан кезде, Мәскеу мен Сеул арасындағы қатынастар жыли бастады. Сол кезеңде Кеңес Одағында Чернобыль АЭС-ы апатқа ұшырап, КСРО қаржылай көмекке зәру болды. Мәскеу мен Сеул арасындағы қатынастарды қалыптау, сонымен қатар,

Кеңес Одағының Оңтүстік Кореяның БҰҰ-на енуін блокадаламау туралы уәдесіне, Ро Дэ У 3 миллиард Америка доллары көлемінде қаржылай қарыз беруге келісті.

Кеңес Одағымен дипломатиялық қатынастар орнатылғанға дейін, 1990 жылғы 6-11 қыркүйек аралығында, Оңтүстік Корея үкіметі Сауда, өнеркәсіп және энергетика министрінің бірінші орынбасары Шин Кук Хван бастаған инвестициялық мүмкіндіктерді зерттеу жөніндегі топты Қазақстан мен Өзбекстанға жіберді. Сапардың бастапқы мақсаты Оңтүстік Кореяның инвестицияларын қолданудың әлеуетті бағыттарын, сондай-ақ, Оңтүстік Кореяның экспатрианттары мен ресурстарын пайдалану жолдарын зерттеу болды. Оңтүстік Корея делегациясы Қазақстанға 1990 жылғы 6-8 қыркүйекте екі күндік сапармен келді. Оңтүстіккореялықтар жергілікті инвестициялық жағдайларды зерттеу және секторлар бойынша ынтымақтастықтың нақты жоспарларын талқылау мақсатында, Сыртқы экономикалық байланыстар комитетінің, Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің, Ауыл шаруашылығы комитетінің, Сауда-өнеркәсіп палаталарының, мақта өңдеу және ет өңдеу кәсіпорындарының және басқа да объектілердің өкілдерімен кездесті.

\* Сапар нәтижесінде, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібінде шағын және орта бірлескен кәсіпорындар құруды белсенді түрде қарастыру және жәрдемдесу туралы келісімдерге қол жеткізілді. Өзара экономикалық ынтымақтастыққа көмектесу үшін Жеке экономикалық ынтымақтастық комитетін құру туралы ұсыныс қарастырылды (<https://diplomaticarchives.mofa.go>, 1990)

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеудің деректемелік базасын «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшемдегі Қазақстан алдындағы геосаяси сын-тегеуріндер және жаңа перспективалар» атты отандық жоба бойынша авторлардың жұмысы кезінде, ғылыми-зерттеу жұмысы барысында айқындалған Кореяның халықаралық экономикалық саясат институты (КХЭСИ) оңтүстіккореялық есептері құрайды. КХЭСИ 1989 жылы құрылған және перспективалық экономикалық серіктестермен ынтымақтастықты жақсарту мақсатында, Оңтүстік Корея үкіметі қаржыландырады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін халықаралық экономика саласындағы жетекші оңтүстіккореялық және батыс ғалымдарының зерттеулері құрайды. Тәуелсіздік таңындағы екіжақты ынтымақтастықты анықтай түсетін 1990 ж. оңтүстіккореялық Сыртқы істер министрлігінің электрондық архив материалдары енгізілді. Зерттеуде сипаттамалық және тарихи әдістер пайдаланылды. Оңтүстіккореялық материалдарды зерттеу кезінде Қазақстан мен Орталық Азия елдеріне ерекше назар аударылды.

### **Талқылау**

1990 жылғы қарашада президент Назарбаев Сеулге барып, Президент Ро Де У және өзекті министрлермен кездесіп, Оңтүстік Кореямен экономикалық ынтымақтастықты талқылады. 1991 жылғы мамырда Оңтүстік Корея үкіметі корейлердің жағдайын зерттеу үшін делегация жіберді (СІМ Консулдық басқармасының директорын қоса алғанда), ал, сол жылдың шілдесінде, Демократиялық либералдық партияның делегациясы Қазақстанға барды (최병희, 1993: 105).

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Қазақстанның да, Оңтүстік Кореяның да сыртқы саясаты жанданды. Қазақстан мен Оңтүстік Корея 1992 жылғы 28 қаңтарда дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Қазақстанмен саяси, экономикалық және мәдени қатынастарды дамыта отырып, Оңтүстік Корея ел туралы ақпараттың жетіспеушілігіне тап болды. Осы мақсатта, Қазақстан бойынша географияны, ежелгі кезеңнен тәуелсіздік алғанға дейінгі тарихты, сыртқы саясат пен халық құрамын қамтитын корей тіліндегі анықтамалық шығарылды (최병희, 1993: 355).



1 – сурет. «Қазақстан бойынша анықтамалық. 1993» есебіндегі Қазақстан картасы. Кореяның халықаралық экономикалық саясат институты.

1991 жылы Орталық Азия елдері тәуелсіз болғаннан кейін, Оңтүстік Корея аймаққа ене алды. Алайда, сол кездегі Оңтүстік Корея бағытының ерекшелігі – оның саясатқа емес, экономикалық секторға бағытталды. Оңтүстік Корея ОА-мен саяси алмасуды кеңейтуге тырысса да, ол саяси тұрғыдан өзінің лайықты рөлін таба алмас еді, өйткені, оған АҚШ пен Ресей тәрізді жетекші елдердің мүмкіндіктері жетіспейді. Оңтүстіккореялық саясаттың тағы бір кемшілігі – Оңтүстік Кореяның ОА елдері туралы хабардар болмауы. Сондықтан, басқа аймақтық державалармен салыстырғанда, Оңтүстік Кореяның Орталық Азия елдерімен саяси алмасулардың жандануы кешеуілдеді (성동기, 2011:319).

Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты ұдайы нығайта алатын көпжақты ынтымақтастықтың нақты шаралары тығырықта қалып отыр. Егер, негізгі себептерді қарастыратын болсақ, біріншіден, Оңтүстік Корея Орталық Азия елдерінің қатысуымен көпжақты ынтымақтастық институтын ұсына алатын және ілгерілететін қуатты держава емес. Реалистік тұрғыдан алғанда, көпжақты тәсілге халықаралық тәртіптің жоғарғы құрылымын анықтай алатын қуатты державалардың қатысуынсыз, ерік-жігерінсіз және мойындаусыз практикалық күшке ие болу қиын. Осылайша, Оңтүстік Кореяның экономикалық орталық болғанымен, бастама көтеруіне нақты шектеулер бар, бірақ, оның Қытай және Ресеймен қоршалған Орталық Азия елдерін біріктіретін көпжақты дербес ынтымақтастық органын құру үшін оның әскери, күш және дипломатиялық мүмкіндіктері әлсіз. Екіншіден, егер Сеул осы елдерде Алтай тектестік және өркениет теориясын алға тартса, онда бұл көрші державаларда сақтық тудыруы мүмкін (박상남, 2015:82)

Оңтүстік Корея мен ОА елдерінің әрқайсысы арасындағы екіжақты қатынастарды тереңдету – олардың арасындағы көпжақты ынтымақтастықты институцияландыру сияқты маңызды. Оңтүстік Корея тарапы екіжақты қатынастарды елеулі дамыту үшін, бір-бірінің нақты мүдделерін түсіну, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың жеке және кезеңдік жоспарын әзірлеудің маңыздылығын атап өтті. ОА елдері мен Оңтүстік Корея нарықтық экономиканың жағымды жақтарын қуаттайды және олардың арасындағы өзара қатынастарды бірін бірі толықтыратын экономикалық құрылымдар негізінде дамытуға талпынады (Lee Ji-Eun, 2011:5).

2022 жылы Оңтүстік Корея мен Орталық Азияның бес елі арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды. Соңғы 30 жылда Оңтүстік Корея Орталық Азиядағы маңызды импорт серіктесіне айналды. 2020 жылғы әрбір елдің ресми статистикасына сәйкес, Оңтүстік Корея көлемі жағынан Қазақстанның үшінші ірі импорттаушысы, Өзбекстанның көлемі жағынан төртінші импорттаушысы, сондай-ақ, Орталық Азияның қалған үш елінен жетінші және тоғызыншы импорттаушысы болып табылады. Екінші жағынан, Орталық Азия Оңтүстік Кореяның ірі сауда серіктесі емес, өйткені, ол Оңтүстік Кореяның жалпы экспорты мен импортының 1%-дан азын құрайды. Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы сауда тауарлары экономикалық құрылым мен экономикалық дамудағы айырмашылықтарға байланысты кейбір тауарлармен шектеледі. Алайда, Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастық мүмкіндігі артып келеді, өйткені 4-ші өнеркәсіптік революция және Орталық Азия елдерінің экономикалық жаңғырту саясаты Орталық Азия елдерінің экономикалық және әлеуметтік құрылымдарындағы елеулі өзгерістерге әкелді (김영진 · 현승수 · 이종화 · 정수미 · 성진석 · 이상제 · 정선미, 2021:367).

1992 жылы дипломатиялық қатынастар орнағаннан кейін, Но Му Хен әкімшілігі ұйымдастырған Орталық Азия елдерінің Саммитінен бастап, Қазақстан-Оңтүстік Корея қатынастары қарқынды түрде жандана бастады. Сонан бері, екі ел арасындағы қатынастар 2009 жылы Ли Мён Бак Үкіметінің ресурстық дипломатиясынан бастап «стратегиялық серіктестікке» дейін көтерілді және Пак Кын Хе және Мун Чжэ Ина үкіметтерін қоса алғанда, екі ел арасындағы тұрақты ынтымақтастыққа негізделген әртүрлі үкіметтік институттар құрылды (이지은 · 김소연, 2022:97).

Оңтүстік Корея саясатының бір кемшілігі – Оңтүстік Корея компаниялары Қазақстанның энергетикалық нарығына ену туралы келіссөздерді кеш бастады. Оңтүстік Корея 1990 жылдары Каспий теңізіне кіру мүмкіндігін пайдаланбады, сондықтан, оңтүстіккореялік фирмалар 2000 жылдардың басында келіссөздер жүргізуде әлсіз болды (박상남, 2007:362).

Оңтүстік Корея үкіметінің энергетикалық қауіпсіздікке мүдделілік танытуына байланысты, 2003 жылғы 13 қарашада Сеулде Қазақстан-Корея саммиті өтті, ал, 2004 жылғы қыркүйектегі Президент Но Му Хеннің Қазақстанға сапары – Оңтүстік Корея президентінің Қазақстанға алғашқы ресми сапары болды. Саммиттен кейін екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық және энергетикалық, мұнай минералды ресурстарын қолдау бойынша үкіметаралық консультациялар арқылы іскерлік орта құру туралы пікірталастар басталды. Кейінгі жетістік ретінде, Қазақстан Үкіметі 2004 жылы виза беру рәсімін жеңілдету үшін ел ретінде таңдалды, атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, ал 2005 жылы Каспий теңізінің Жамбыл мұнай өндіру ауданын игеру туралы базалық келісімшартқа қол қойылды. Сол кезде, Оңтүстік Корея компанияларының Қазақстанға инвестициялары валюталық дағдарыстан кейін күрт төмендеді, бірақ, екі ел арасындағы қатынастар Қазақстанның Сыртқы істер министрінің Оңтүстік Кореяға сапарынан және Оңтүстік Кореяның Сауда, өнеркәсіп және сауда министрінің өзара сапарынан кейін қалпына келе бастады. Экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуден басқа, екі ел де Корей түбегіндегі бейбітшілік пен тұрақтылық, сондай-ақ, бейбіт ынтымақтастық туралы түсінігі бірдей. Бұдан басқа, Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастық туралы пікірталастар Орталық Азияны дамыту жөніндегі кеңестің, «Корея-Орталық Азия ынтымақтастығы форумының» ізашары, Оңтүстік Корея мен Орталық Азияның бес елі арасындағы ынтымақтастық платформасының қатысуымен практикалық деңгейде өтетін болады. Көпжақты консультативтік орган құрылды (김소연 · 이지은, 2022:256).

2009 жылы президент Ли Мён Бактың Қазақстанға сапары кезінде, екі ел арасындағы қатынастар «стратегиялық әріптестікке» дейін көтерілді. Алайда, 2013 жылы Қазақстан



экономикасы тез өскен кезде, 50-ге жуық оңтүстіккореялік компания нарыққа шықты, бірақ, экономикалық құлдырау мен теңгенің айырбас бағамының төмендеуіне байланысты, көптеген компаниялар кетіп қалды, бұл экономикадағы тыныштыққа әкелді (변현섭, 2021:272).

2013 жылы билікке келген президент Пак Кын Хе әкімшілігі орташа держава дипломатиясын Оңтүстік Корея дипломатиясының парадигмасы деп ресми түрде жариялап, «оның бүкіл әлем бойынша бейбітшілік пен дамуға ықпал ететін жауапты орташа держава ретіндегі рөлін» қорғады. Орташа держава ретінде дипломатиялық бірегейлікті нығайту және Пак Кын Хе әкімшілігі кезіндегі рөлдердің өзгеруі Қазақстан-Оңтүстік Корея ынтымақтастығында да байқалады. Экономикалық тұрғыдан, Қазақстанмен ынтымақтастық Еуразиялық бастама шеңберінде әртараптандырылып қана қоймай, екіжақты ынтымақтастықты тереңдету арқылы көпжақты консультативтік органмен ынтымақтастық орнатты, мысалы, екі ел Оңтүстік Корея мен ЕАЭО арасындағы ЕСА бойынша келіссөздер жолдарын іздестіру мақсатында бірлесіп жұмыс істеуде. Солтүстік стратегия шеңберінде, «Еуразиялық бастама» темір жолдарды, жолдарды, әуежайларды және т.б. қоса алғанда, Солтүстік Кореяны, Қытайды, Ресейді, Орталық Азия мен Еуропаны қамтитын күрделі логистикалық жүйемен байланыстыратын Еуразиялық аймақ үшін логистикалық инфрақұрылым құру жобасы ретінде ілгері жылжытылды. Пак Кын Хе әкімшілігі Еуразиялық бастама тұжырымдамасын іске асыруға және Еуразиялық аймағындағы өзгерістер шеңберінде, Қазақстанмен ынтымақтастықты кеңейтуге күш салу арқылы, Оңтүстік Кореяның орташа держава ретіндегі мәртебесін нығайтуға ұмтылды. Оның шеңберінде, 2014 жылғы маусымда өткен Қазақстан-Оңтүстік Корея саммитінде екі ел стратегиялық әріптестікті өзара тиімді дамыту туралы уағдаласты. 2014 жылғы екіжақты саммиттің нәтижесінде екі ел энергетика, ресурстар, қоршаған орта, адамдар мен мәдениет саласындағы алмасуларға алып келді, Солтүстік Кореяның ядролық проблемасын жалпы түсіну негізінде ынтымақтастық туралы уағдаласты және Еуразиялық аймақтық консультативтік органдар (СВМДА, ЕАЭО) құрды. Саммит қорытындысы бойынша өткізілген Қазақстан-Оңтүстік Корея бизнес-форумы шеңберінде, екі елдің жеке кәсіпкерлері автомобиль жасау және құрыш құю өнеркәсібі тәрізді өңдеу салаларында, сондай-ақ, ақпарат пен коммуникация, сондай-ақ, жаңа және жаңғырмалы энергия тәрізді алдыңғы қатарлы салаларда ынтымақтастықтың нақты шараларын талқылай алды. Бұдан әрі, 2016 жылғы қарашадағы Қазақстан-Оңтүстік Корея саммитінде энергетика, мұнай-газ өңдеу, медициналық туризм саласындағы ынтымақтастықты жандандыру жоспарлары, сондай-ақ, Оңтүстік Корея мен ЕАЭО арасында еркін сауда аймағын құру жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігі талқыланды. Бірақ, Оңтүстік Кореядағы ішкі саяси мәселелерге байланысты, шешім кенеттен жойылды. Еуразиялық бастама үкіметтің ауысуына байланысты өміршең бола алмады (김 소 연 . 이 지 은, 2022:259). Президент Мун Чжэ Иннің 2019 жылғы сәуірдегі Қазақстанға сапары және Президент Тоқаевтың 2021 жылғы тамыздағы Оңтүстік Кореяға сапары арқылы түрлі салалардағы практикалық ынтымақтастыққа қол жеткізілді. Президент Мун Чжэ Иннің Қазақстанға сапары барысында, олар АКТ, 5G, метадеректер және интернет-заттар тәрізді жоғары технологиялық салаларда, сондай-ақ, құрылыс инфрақұрылымы мен денсаулық сақтауда перспективалық ынтымақтастықты кеңейтуге және бірлескен жобаларды ілгері жылжытуға келісті. Онан басқа, Президент Тоқаевтың Сеулге сапары барысында, Оңтүстік Корея мен Қазақстан нақты экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында, электромобильдер мен автомобильдерді, оның ішінде, аккумуляторлық батареяларды ілгерілету жөніндегі жоспарларын жариялады. Сирек жер элементтері, сирек металдар кен орындарын барлау және игеру, денсаулық сақтау, мысалы, медициналық мекемелердің ашылуы, ақпараттық технологиялар, цифрлық технологиялар және 5G тәрізді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың озық бағыттары сияқты салалар да ынтымақтастық шаралары ретінде

талқыланды (변현섭, 2021:279-280).

Тоқаевтың президенттігі кезінде Қазақстан-Оңтүстік Корея ынтымақтастығы кеңейіп, нығая түсті. 12 маусымда Корея Республикасының Президенті Қазақстанға барды. Сапар барысында, ол Оңтүстік Корея мен Қазақстан экономикалық байланыстар саласын автомобиль және ресурстық секторларға деген дәстүрлі назарынан тыс кеңейтіп, минералдарды жеткізудің маңызды тізбектері мен инфрақұрылымдық жобаларды қамтуы керек деп мәлімдеді. «1992 жылы дипломатиялық қатынастар орнағаннан бері, Қазақстан Кореяның ірі сауда серіктесі және Орталық Азиядағы инвестициялар тағайындалатын орынға айналды», – деді Юн өзінің бағдарламалық сөзінде. Форумға екі елден 300-ге жуық іскер делегаттар қатысты, нәтижесінде, аса маңызды минералдар, энергетика, инфрақұрылым, қаржыландыру, технологиялар және басқа да салаларды қамтитын өзара түсіністік туралы 24 меморандумға қол қойылды. Юнның сапарына орай Жер, инфрақұрылым және көлік министрлігі, COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 жылдан бастап тоқтатылған қазақстандық Air Astana авиакомпаниясының аптасына екі рет Астана мен Инчхон арасында тікелей қатынайтын авиарейсті сенбіден бастап қайта бастайтынын хабарлады (<https://www.inform.kz/ru/airan-prozvuchavshiy-v-kazahstane-cto-pishut-zarubezhnie-smi-o-vizite-prezidenta-yuzhnoy-korei-v-astanu-ff3300>, 2024).

Украинадағы соғыстың салдары тек Оңтүстік Корея мен Орталық Азияда ғана емес, бүкіл әлемде де сезіледі. Егер соғыс күтілгеннен ұзағырақ болса және Ресей басымдыққа ие болса, бұл Орталық Азиядағы араласу мен бақылаудың күшеюіне әкелуі мүмкін. Керісінше, егер жағдай Украинаның пайдасына дамиды болса, орташа елдердің позициялары күшейіп, ұлы державалардың күш қолдануға елігуі тоқтатылады. Сонымен қатар, жаһандық жеткізу тізбегін қайта құру маңызды айналымға айналады. Оңтүстіккореялық ғалымдар Ли Жи Юн мен Ким Со Ённың болжауынша, егер Батыс пен Қытайға бағытталған блокадалар бола берсе, Оңтүстік Корея мен Қазақстан қиын таңдауларға тап болуы мүмкін. Қалай болса да, жағдайға дайындалу үшін, Оңтүстік Корея, Орталық Азия және Қазақстан қуатты елдердің ықпалынан азат экономикалық, ғылыми-технологиялық, логистикалық, адам алмасуы мен мәдени ынтымақтастықты күшейтуге тиіс. Басқаша айтқанда, қуатты елдердің мәжбүрлеуіндегі орташа елдердің тілектестігі мен ынтымақтастығы ғана сыртқы саясаттың автономдығын арттыруға және тәуелсіз дамуға бағытталған қозғалысқа негіз болады (이지은, 김소연, 2022:94)

Оңтүстіккореялық зерттеушілер Джон Мин Хён мен Мин Жи Ён, Қазақстан үшін АТ экономикалық өсуді қолдаудың өте маңызды құралы болып табылатынын және цифрлық экономикаға немесе ақылды қоғамға қарай қозғалыстың негізгі факторы болып табылатындығын атап өтті, сондықтан, Қазақстан үкіметі өзінің ұлттық даму стратегиясының бөлігі ретінде, АТ дамыту мен цифрландыруға ерекше назар аударуын жалғастыруда. Реформаның жеті бағытының бірі – «технологиялық жаңарту және цифрландырудың» негізгі мақсаты, қолданыстағы салалардың және бүкіл экономиканың өнімділігін арттыру, соның ішінде: шығындарды азайту, тауарлар мен қызметтер өндірісін ұлғайту, салаларды әртараптандыру және сапалы жұмыс орындарын құру болып табылады, деп жазады авторлар. Реформаның осы бағытында АТ-индустриясын дамытуға ерекше назар аударылады және ол үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды құру, жаңа технологияларды дамыту мақсатында институционалдық орта құру, сондай-ақ, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды құру тәрізді міндеттерге қол жеткізілуі қажет (정민현, 민지영, 정동연., 2021:96)

Пак Джонг Хо мен Ём Дынг Хо Қазақстан Үкіметі өнеркәсіптік әртараптандыруға жәрдемдесуге және өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған өнеркәсіптік саясатты жүргізіп жатқанына назар аударады, соның негізінде, ол шикізаттық экономикадан білімге негізделген экономикаға көшуге ұмтылады. Олар мынадай баға береді:

Қазақстан металлургия өнімі, химия, мұнай химиясы және машина жасаудан, қосылған құны жоғары машина жасау, робототехника, оптоэлектрондық құрылғылар, фармацевтика, биотехнология, жаңа материалдар, аэроғарыштық жабдықтар, сондай-ақ, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар мен жабдықтар тәрізді салаларға құрылымдық реформа жүргізеді. Сонымен қатар, Қазақстанда аэроғарыштық техника, күн энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздерінің технологиялары, зияткерлік желілер технологиялары, электр энергиясын өндіру жүйелерін модельдеу технологиялары, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, робототехника, қоршаған ортаны қорғау, оптоэлектрондық жабдық, регенеративтік медицина, биофармацевтика және органикалық химия тәрізді электрондық жабдықтар бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізілуде (박정호, 염동호, 강부균, 민지영, 윤지현한, 2017:23).

Ресей мен Украина арасындағы соғысқа дейін Кореяның Халықаралық экономикалық саясат институты ЕСА жасау туралы келіссөздерге дайындық шеңберінде, Оңтүстік Корея мен ЕАЭО арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамыту бойынша шараларды пысықтауды қарастырды. Атап айтқанда, бұл зерттеуде Оңтүстік Корея мен ЕАЭО-ға мүше елдер (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы және Ресей) арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастыққа жәрдемдесетін саясаттың қажетті бағыттарын, іске асыру стратегиялары мен міндеттерін, сондай-ақ, өнеркәсіптік ынтымақтастық стратегиясының жол картасын ұсынуға басты назар аударылды. Біріншіден, Оңтүстік Корея ғалымдары ЕАЭО-ға мүше елдердің әлеуметтік-экономикалық және өнеркәсіптік құрылымдары мен ерекшеліктерін, сондай-ақ, ЕАЭО-ның және жекелеген мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік саясатының негізгі бағыты мен негізгі сипаттамаларын жан-жақты түсінуге тырысты. Екіншіден, оңтүстіккореялықтер бұл зерттеулер Оңтүстік Корея мен ЕАЭО арасындағы әрбір секторда өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуде практикалық көмек көрсете алады деп болжады. Алайда, Ресей мен Украина арасындағы соғыс өз түзетулерін енгізді, ал, Оңтүстік Кореяның жоспарлары кейінге қалдырылды (박정호, 염동호, 강부균, 민지영, 윤지현한, 2017:30).

Онан басқа, Трамптың 2024 жылы президенттікке қайта сайлануы Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың динамикасына әсер етуі мүмкін, өйткені, бұл Сеул мен Вашингтонның ілгерідегі экономикалық ынтымақтастығының жағымсыз сценарийіне айналды. Жаңа Америка президенті елдер арасындағы сауда теңгерімі АҚШ-тың пайдасына жатпайды деп санайды. Сонымен қатар, Трамп американдық әскерлердің Оңтүстік Кореяда болу ақысын көтеруді талап етеді, сонымен қатар, американдық әскерлерді елден кезең-кезеңімен шығаруды қолдайды. Мұндай жағдай Оңтүстік Кореяның мүдделеріне сәйкес келмейді, өйткені, Украинадағы Солтүстік Корея әскери күштерінің шектеулі контингенті дрондарды қолдана отырып соғыс тәжірибесіне ие болады. Оңтүстік Корея мен Батыс баспасөзінің хабарлауынша, Солтүстік Корея Ресейге Кеңес Одағынан алынған немесе ескірген кеңестік үлгілерден жасалған қару-жарақ жіберу арқылы қаржылық жағдайын жақсартты.

Осыған байланысты, Ресей-Украина соғысынан кейінгі Орталық Азиядағы жаһандық күн тізбегінде құрылымдық өзгерістер, сондай-ақ, Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың жаңа бағыттары пайда болды. Оңтүстік Корея ғалымдары автомобиль жасау және автомобиль бөлшектерін өндіру тәрізді қосылған құны жоғары өңдеу салалары қалыптасқан өнеркәсіптік инфрақұрылымын, қаржы салаларын, институционалдық құрылымдар мен өндірістік базаларын ескере отырып, Қазақстан және Өзбекстанмен, Орталық Азияның неғұрлым индустриалды дамыған елдерімен ынтымақтастық үшін перспективалы салалар болып табылатынын анықтады.

Оңтүстік Кореяның академиялық ортасының талдауы көрсеткендей, санкциялар

аймақтан шығатын аралық тауарлардың экспортын едәуір қиындатты, бірақ, салыстырмалы түрде, олардың түпкі тауарлардың экспортына әсері аз болды. Сондықтан, Оңтүстік Корея экономистері Оңтүстік Корея мен Орталық Азия арасындағы аралық тауарлар өндірісіндегі ынтымақтастықты күшейтуді, сондай-ақ, жергілікті түпкі тауарлар өндірісіне қолдау көрсетуді ұсынады. Ол үшін оңтүстіккореялық аралық тауар өндірушілер жергілікті өндіріске және түпкі тауарлар экспортына жәрдемдесу арқылы өңірде өз қатысуын қамтамасыз етуі тиіс (정민현·김경민·김혁황·정동연·김원기, 2024).

Мәдени тұрғыдан алғанда, Оңтүстік Корея зерттеушілері оңтүстіккореялықтер үшін негізгі мәдени кедергі көбінесе бейресми қатынастарға сенуге мәжбүр ететін іскерлік орта деп жазады. Күрделі әкімшілік процедуралар мен шешім қабылдау процестері, сондай-ақ, кеңестік дәуірде енгізілген бюрократия мен бақылауға байланысты институттар мен саясаттың тұрақсыздығы оңтүстік корейліктердің шаршауы мен түңілуіне әкеліп соғуы мүмкін. Оңтүстік Кореяға тән клиентке бағдарланған әкімшілік қызмет көрсету ұғымдары мұнда жоқтың қасы немесе қолданылмайды. Мұндай жағдайда, жоспарлар өзгеруі мүмкін және процестер әрқашан ойдағыдай бола бермейтініне дайын болған маңызды. Беті қайтудың орнына, шыдамды болу керек, тіпті бұл корей стандарттарынан ауытқуды қажет етсе де, жергілікті жағдайларға бейімделіп, оларды қабылдауға дайын болу керек (박상남, 2008:119-120).

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін демократияландыру процесі әртүрлі аймақтарда әр түрлі дәрежеде дамыды және бұл ішінара этникалық сәйкестікке де байланысты болды. Кеңес Одағының 70 жылдан астам уақыт бойғы географиялық, тарихи, саяси және экономикалық жоспарларында, кеңес дәуірі мен орыстандыру кезеңін қоса алғанда, Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның маңызы зор болды. Бұл Орталық Азиядағы жаңа шындыққа бейімделу кезінде коммунистік партия басшыларының қандай қиындықтарға тап болғанын түсіндіреді. Жариялылық пен қайта құру саясатының күшті әсеріне тап болған Ресей, Украина және Беларусь тәрізді ыдыраған Кеңес Одағының көшбасшы елдерінен айырмашылығы, Орталық Азия ыдырау процесін бейбіт және қалыпты атмосферада бастан өткерді (권현중, 2019:105).

### Зерттеу нәтижелері

*Оңтүстік Корея демографиясы және Қазақстаннан еңбек мигранттарының заңсыз көші-қоны.* Оңтүстік Кореядағы демографиялық көрсеткіштер билеуші және оппозициялық партиялар арасында үнемі саяси пікірталас тудырады. Бәсекелес партиялар Оңтүстік Кореядағы туу деңгейінің күрт төмендеуін жандандыруға бағытталған өздерінің тиісті саяси уәделерін жариялады. Бұл бастамалар демографиялық құлдырау жақын арада ел экономикасының регрессиясына әкелуі мүмкін деген алаңдаушылыққа жауап болып табылады (<https://www.koreatimes.co.kr/www2/common/morelist.asp?categorycode=704&id=namhw>, 2025).

Негізгі оппозициялық Корея Демократиялық партиясы (КДП) Ұлттық жиналыста туу төмендігі мәселесін шешу бойынша кешенді шаралар кешенін ұсынды. Бұл шаралар тұрғын үй, қаржылық қолдау және жас жұбайларға бала күтімін қолдауға баса назар аудара отырып, ел алдында тұрған демографиялық проблемаларды еңсеруге бағытталған. «Елдегі жалпы туу коэффициенті екі жылдан кейін 0,5 тууға дейін төмендейді, бұл өрескел көрсеткіш», – деп мәлімдеді КДП төрағасы ([https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602\\_360168.html](https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602_360168.html), 2023).

Оңтүстік Корея 2022 жылы әлемдегі туу коэффициентінің ең төмендігімен танымал – бір әйелге шаққанда 0,78 туу. Бұл көрсеткіш АҚШ-қа қарағанда едәуір төмен, сол жылы онда 1,64 құрады, ал, Жапонияда – 1,33 болды. Шілдеде Кореяда туылған балалар саны рекордтық төмен деңгейге төмендеді, бұл келе жатқан демографиялық дағдарысты тездетіп, елдің қартайған қоғамға айналуын одан әрі күшейте түсті



([https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602\\_360168.html](https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602_360168.html), 2023).

2014 жылы Астана мен Сеул арасындағы визасыз режим туралы келісім күшіне енгеннен кейін, Қазақстаннан заңсыз мигранттар Оңтүстік Кореяға ағылды. Бастапқыда екі мемлекеттің азаматтары, егер олардың сапары туристік, жеке, іскерлік, мәдени немесе медициналық мақсатта болса, визасыз 30 күн бола алады деп болжанған. Алайда, визасыз режим Қазақстаннан Оңтүстік Кореяға заңсыз көшіп келушілер санының өсіміне әсер етті. Егер, 2014 ж. 359 адам болса, 2018 ж. олардың саны шамамен 12 мыңға жетті.

Оңтүстік Кореяның көші-қон қызметінің мәліметінше, 2023 жылдың басынан бері, елде еңбек визасы жоқ 7 мыңға жуық Қазақстан азаматы бар. Заңсыз жұмыс істейтін азаматтарымыздың санының азаюы визасыз келуге – К-ЕТА электрондық рұқсаттың енгізілуімен түсіндіріледі. К-ЕТА беруден бас тарту, негізінен, жас қазақстандықтарға келеді. Қазақстаннан Оңтүстік Кореяға еңбек көші-қоны мәселесі әзірге келіссөздер дәрежесінде. Тараптар келісімге келген жағдайда, тілдік және кәсіптік тесттерді сәтті тапсырса, онда қазақстандықтар Кореяда үш жыл бойы жұмыс істей алады. Қазақстандықтар Оңтүстік Кореяның еңбек нарығына шығуға ұмтылуда, өйткені, ер адамдардың күнделікті табысы 100 доллар және одан да жоғары, ал, әйелдерде – 50 доллардан жоғары болуы мүмкін (<https://orda.kz/korea-why/>, 2023)

Қазақстандық билік Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тестілеу орталығының базасында тесттер құруды жоспарлап отыр. Бұл университетте қажетті материалдық-техникалық база, оқу аудиториялары, заманауи компьютерлік жабдықтар бар. Бірақ, оқу курстары Қонаев қаласындағы колледжде өтеді. Қазақстандық тарап өз ұсынысын Оңтүстік Кореяға жіберді, алайда, ол алдымен Үкіметте талқылаудан өтуі тиіс, содан кейін, олар жалпы талқылауға шығарылады (<https://orda.kz/kogda-kazahstancam-razreshat-legalno-rabotat-v-juzhnoj-koree-rasskazali-v-mintruda-381887/>, 2024).

Заңсыз мигранттардың Оңтүстік Корея заңдарын бұзуы Қазақстанның келіссөздік ұстанымын әлсіретеді. Мысалы, 2019 жылы Оңтүстік Кореяның Чханвон қаласында 20 жастағы қазақстандық Сырым Шарибек 7 жасар баланы автокөлікпен қағып, ЖКО орнынан қашып кеткен. Ол Қазақстанға қашып кетті, бірақ, Оңтүстік Корея билігінің өтініші бойынша ұстап берілді [23]. Сонымен қатар, екі қазақстандықтың Инчхон әуежайынан қашу кейсі атышулы болды. Бір жылдан кейін, 2024 жылы тағы бір қазақстандық көші-қон қызметінен қашып кетті.

Президент Юн Сок Ёлдің соғыс жағдайын енгізу әрекеті елді саяси дағдарысқа және оның импичментіне әкеліп соқты. Юн Сок Ёл консервативті бола отырып, өз билігі кезінде, заңсыз мигранттарға қатаң шектеулер қоюды жақтады. Сондай-ақ, ол өзінің сыртқы саясатында, негізінен, АҚШ-пен ынтымақтастыққа бейім болды, сонымен қатар, басқа елдермен және аймақтармен, соның ішінде, Орталық Азиямен өзара әрекеттесуге аз көңіл бөлді. Президент Юн Сок Ёлдің биліктен кетуі консервативті партияның әлсіреуіне және Оңтүстік Кореядағы либералды партиялардың күшеюіне әкеледі.

Еңбек визасы туралы келісімді жасасу екі фактормен қиындатылады: 1) бұрын еңбек визасы туралы келісім жасасқан үшінші елдерден келген еңбек мигранттарының тым көп болуы; 2) Оңтүстік Кореядағы саяси турбуленттілік, нәтижесінде президент орнынан түсіп, басқарушы партия өзінің жетекші рөлін жоғалтты.

### Қорытынды

Зерттеу баяндамалары мен ғылыми мақалаларға шолу Қазақстанның тәуелсіздігі мен Оңтүстік Кореяның авторитарлық басқару моделінен демократиялық модельге көшуі кезеңінде екі елдің бір-бірінің саяси-экономикалық шындықтары туралы түсініктерінің жеткіліксіз болғанын көрсетті. Екі елдің саудадан өзара пайда алуға деген ұмтылысы істің жай-күйінен хабардар болуға негіз болып, ілгерідегі ынтымақтастыққа ынталандырды. Оңтүстіккореялық баяндамаларды зерделеу Оңтүстік Корея экономикасының экономикалық

күшіне қарамастан, Сеулдің геосаяси мүмкіндіктері өте шектеулі екендігін көрсетті, ал, бұл оған Орталық Азияда берік орнығуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, бес жыл билікте болған президенттер мен Оңтүстік Кореядағы билеуші партиялардың мерзімді ауысымы олардың сыртқы саяси бағдарламаларын қисынды аяқтауға мүмкіндік бермейді.

Трампың билікке келуі және оның Оңтүстік Кореяны қоса алғанда, экономикалық одақтар мен аймақтық ойыншыларға қатысты жаңа саясаты, сондай-ақ, төртінші жылға ауған Ресей-Украина соғысы – Оңтүстік Корея мен Қазақстан, сондай-ақ, Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастыққа өз өзгерістерін енгізетіндей әлеуеті бар.

#### Әдебиет:

Государственный визит Президента Республики Корея в Казахстан: что пишут корейские СМИ // [Электронды ресурс] URL: <https://www.inform.kz/ru/ariran-prozvuchavshiy-v-kazahstane-cto-pishut-zarubezhnie-smi-o-vizite-prezidenta-yuzhnoy-korei-v-astanu-ff3300> (Қаралған күні: 13.06.2024).

За лучшей жизнью: почему казахстанцы так стремятся в Южную Корею // [Электронды ресурс] URL: <https://orda.kz/korea-why/> (Қаралған күні: 03.04.2023).

Когда казахстанцам разрешат легально работать в Южной Корее, рассказали в Минтруда // [Электронды ресурс] URL: <https://orda.kz/kogda-kazahstancam-razreshat-legalno-rabotat-v-juzhnoj-koree-rasskazali-v-mintruda-381887/> (Қаралған күні: 26.01.2024).

Молодой казахстанец сбил ребенка в Южной Корее и улетел // [Электронды ресурс] URL: <https://www.zakon.kz/proisshestiia/4986726-molodoy-kazahstanets-sbil-rebenka-v.html> (Қаралған күні: 18.05.2025).

Lee Ji-Eun, 2011 – *Lee Ji-Eun. Study on Korea's Policy towards Central Asian*

States since 1991 : Evaluation and Prospect for Policy Cooperation // 韓國中東學會論叢 第32-2號 韓國中東學會, 2011, 1-45.

Minhyeon J, 2022 – *Minhyeon Jeong. Dongyeon Jeong, Jiyoung Min, and Boogyun Kang. Central Asia's Medium - to Long-term Trade Strategies and Korea-Central Asia Cooperation Plans.* // 세종특별자치시, 2022년 12월 26일. 379 p.

Nam Hyun-woo. Rival parties roll out strategies to address Korea's low birthrate// [Электронды ресурс] URL: <https://www.koreatimes.co.kr/www2/common/morelist.asp?categorycode=704&id=namhw> (Қаралған күні: 22.08.2025).

Yi Whan-woo. Korea sees record-low births in July // [Электронды ресурс] URL: [https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602\\_360168.html](https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602_360168.html) (Қаралған күні: 29.09.2023).

투자조사단 카자흐스탄 및 우즈베키스탄 파견, 1990.9.6-11 (Группа по исследованию инвестиций, направленная в Казахстан и Узбекистан, 6-11 сентября 1990 года) // [Электронды ресурс] URL: [https://diplomaticarchives.mofa.go.kr/new/publish/docus\\_view.jsp](https://diplomaticarchives.mofa.go.kr/new/publish/docus_view.jsp) (Қаралған күні: 15.05.2025).

최병희, 1993 – 최병희. 카자흐스탄편람// 서울. 1993. 355 p.

성동기, 2011 – 성동기. 한국의 대(對)중아시아 협력 방안과 외교적 방향에 대한 고찰 ‘신아시아 외교 구상’의 개념을 중심으로// 외국학연구 2011, vol., №16, pp. 313-344.

박 상 남, 2015 – 박 상 남. 한국, 중앙아시아 국가들의 다자협력 방안//아시아문화연구 제38집. 2015. vol.38. pp. 79-102.

김영진 · 현승수 · 이종화 · 정수미 · 성진석 · 이상제 · 정선미, 2021 – 김영진 · 현승수 · 이종화 · 정수미 · 성진석 · 이상제 · 정선미. 한-중앙아 수교 30주년:

경제협력 평가와 4대 협력 과제 // 세종특별자치시, 2021년. 210 p.

이지은. 김소연, 2022 – 이지은. 김소연. 수교 30주년 한국-카자흐스탄 관계 연구-평가와 제언 // 슬라브研究. 2022. vol.38. №3. pp. 93-118 (26 pages).

박상남, 2007 – 박상남. 카자흐스탄의 석유-가스 산업정책// 中東研究 2007년 제26권 2호, 343-366.

김소연 . 이지은, 2022 – 김소연 . 이지은. 한국의 중견국 외교 연구: 북방정책과 카자흐스탄 사례를 중심으로// 아시아연구 25(2) 2022 pp. 251-272.

변현섭, 2021 – 변현섭. 문재인 정부의 한국-카자흐스탄 경제협력 성과와 과제 // 중소기업연구 . 2021 vol.45. №3. pp. 271-296 (26 pages).

변현섭, 2021 – 변현섭. 문재인 정부의 한국-카자흐스탄 경제협력 성과와 과제 // 중소기업연구 2021. vol.45. №3, pp. 271-296 (26 pages).

정민현, 민지영, 정동연., 2021 – 정민현, 민지영, 정동연. 디지털 부문 혁신과 신북방 주요국의 구조 전환: 신북방 중진국과의 IT 협력을 중심으로 // 서울, 2021년 12월 27일. – 174 p.

박정호, 염동호, 강부균, 민지영, 윤지현한, 2017 – 박정호, 염동호, 강부균, 민지영, 윤지현한. 유라시아경제연합(EAEU) 산업협력 증진방안. - 서울, 2017. – 207 p.

정민현·김경민·김혁황·정동연·김원기, 2024 – 정민현·김경민·김혁황·정동연·김원기. 우크라이나 전쟁 이후 중앙아시아 글로벌 가치사슬 변화 전망과 한-중앙아 협력 시사점 // 서울, 2024. – 200 p.

박상남, 2008 – 박상남. 중앙아시아 비즈니스 문화와 한국인의 이문화 관리적용 // 『국제지역연구』 2008년 제12권 제2호, pp. 113-132.

권현중, 2019 – 권현중. 소연방 해체기 중앙아시아국가들의 탈소비에트화 및 중앙아시아화: 우즈베키스탄, 카자흐스탄, 키르기스스탄을 중심으로// [한국 시베리아연구] 2019년 제23권 2호pp. 95-133.

#### References:

For a better life: why are Kazakhs so eager to go to South Korea // URL: <https://orda.kz/korea-why/> (Accessed: 03.04.2023) (in Rus).

Lee Ji-Eun, 2011 – *Lee Ji-Eun*. Study on Korea's Policy towards Central Asian

Minhyeon J, 2022 – *Minhyeon Jeong*. Dongyeon Jeong, Jiyoung Min, and Boogyun Kang. Central Asia's Medium - to Long-term Trade Strategies and Korea-Central Asia Cooperation Plans. // 세종특별자치시, 2022년 12월 26일. 379 p.

Nam Hyun-woo. Rival parties roll out strategies to address Korea's low birthrate// URL: <https://www.koreatimes.co.kr/www2/common/morelist.asp?categorycode=704&id=namhw> (Accessed: 22.08.2025) (in Korean).

State visit of the President of the Republic of Korea to Kazakhstan: what the Korean media writes // URL: <https://www.inform.kz/ru/ariran-prozvuchavshiy-v-kazahstane-cto-pishut-zarubezhnie-smi-o-vizite-prezidenta-yuzhnoy-korei-v-astanu-fi3300> (Accessed: 13.06.2024) (in Rus).

States since 1991 : Evaluation and Prospect for Policy Cooperation // 韓國中東學會論叢 第 32-2 號 韓國中東學會, 2011, 1-45 (in Korean).

When Kazakhstanis will be allowed to work legally in South Korea, the Ministry of Labor said // URL:<https://orda.kz/kogda-kazahstancam-razreshat-legalno-rabotat-v-juzhnoj-koree-rasskazali-v-mintruda-381887/> (Accessed: 26.01.2024) (in Rus).

Yi Whan-woo. Korea sees record-low births in July // URL: [https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602\\_360168.html](https://www.koreatimes.co.kr/www/biz/2023/09/602_360168.html) (Accessed: 29.09.2023) (in Korean).

Young Kazakh hits child in South Korea and flies away // URL: <https://www.zakon.kz/proisshestviia/4986726-molodoy-kazahstanets-sbil-rebenka-v.html> (Accessed: 18.05.2025) (in Rus).

권현중, 2019 – *Kwon Hyun-jong*. 소연방 해체기 중앙아시아국가들의 탈소비에트화 및 중앙아시아화: 우즈베키스탄, 카자흐스탄, 키르기스스탄을 중심으로 [De-Sovietization and Central Asianization of Central Asian Countries during the Dissolution of the Soviet Union: Focusing on Uzbekistan, Kazakhstan, and Kyrgyzstan] // [한국 시베리아연구] 2019 년 제 23 권 2 호 pp. 95-133 (in Korean).

김 소 연 . 이 지 은, 2022 – *Kim So-yeon, Lee Ji-eun*. 한국의 중견국 외교 연구: 북방정책과 카자흐스탄 사례를 중심으로[A Study on Korea's Diplomacy as a Middle Power: Focusing on the Northern Policy and the Case of Kazakhstan]// 아시아연구 25(2) 2022 pp. 251-272 (in Korean).

김영진 · 현승수 · 이종화 · 정수미 · 성진석 · 이상제 · 정선미, 2021 – *Kim Young-jin, Hyun Seung-soo, Lee Jong-hwa, Jeong Su-mi, Seong Jin-seok, Lee Sang-je, and Jeong Seon-mi*. 한-중앙아 수교 30 주년: 경제협력 평가와 4 대 협력 과제 [30th Anniversary of Korea-Central Asia Diplomatic Relations: Evaluation of Economic Cooperation and Four Major Cooperation Tasks] // 세종특별자치시, 2021 년. 210 p (in Korean).

박 상 남, 2007 – *Park Sang-nam*. 카자흐스탄의 석유-가스 산업정책 [Kazakhstan's oil and gas industry policy] // 中東研究 2007 년 제 26 권 2 호. 343-366(in Korean).

박 상 남, 2015 – *Park Sang-nam*. 한국, 중앙아시아 국가들의 다자협력 방안 [Multilateral Cooperation Plans between Korea and Central Asian Countries] //아시아문화연구 제 38 집. 2015. vol.38. pp. 79-102 (in Korean).

박상남, 2008 – *Park Sang-nam*. 중앙아시아 비즈니스 문화와 한국인의 이문화 관리적용 [Central Asian Business Culture and Korean Cross-Cultural Management] // 『국제지역연구』 2008 년 제 12 권 제 2 호, pp. 113-132 (in Korean).

박정호, 염동호, 강부균, 민지영, 윤지현한, 2017 – *Park Jeong-ho, Yeom Dong-ho, Kang Bu-gyun, Min Ji-young, Yoon Ji-hyun*. 유라시아경제연합(EAEU) 산업협력 증진방안. [Measures to Promote Industrial Cooperation in the Eurasian Economic Union (EAEU)] - 서울, 2017. – 207 p (in Korean).



변현섭, 2021 – *Byun Hyeon-seop*. 문재인 정부의 한국-카자흐스탄 경제협력 성과와 과제 [Achievements and Challenges of Korea-Kazakhstan Economic Cooperation under the Moon Jae-in Administration] // *중소연구*. 2021 vol.45. №3. pp. 271-296 (26 pages) (in Korean).

성동기, 2011 – *Seong Dong-gi*. 한국의 대(對)중앙아시아 협력 방안과 외교적 방향에 대한 고찰 ‘신아시아 외교 구상’의 개념을 중심으로 [A study on Korea's cooperation plan and diplomatic direction toward Central Asia, focusing on the concept of the 'New Asian Diplomacy Initiative'] // *외국학연구* 2011, vol., №16, pp. 313-344 (in Korean).

이지은, 김소연, 2022 – *Lee Ji-eun, Kim So-yeon*. 수교 30주년 한국-카자흐스탄 관계 연구- 평가와 제언 [A Study on Korea-Kazakhstan Relations on the 30th Anniversary of Diplomatic Relations: Evaluation and Recommendations] // *슬라브研究*. 2022. vol.38. №3. pp. 93-118 (26 pages) (in Korean).

정민현, 민지영, 정동연., 2021 – *Jeong Min-hyeon, Min Ji-young, and Jeong Dong-yeon*. 디지털 부문 혁신과 신북방 주요국의 구조 전환: 신북방 중진국과의 IT 협력을 중심으로 [Digital Sector Innovation and Structural Transformation in New Northern Countries: Focusing on IT Cooperation with New Northern Developing Countries] // 서울, 2021년 12월 27일. – 174 p (in Korean).

정민현·김경민·김혁황·정동연·김원기, 2024 – *Jeong Min-hyeon, Kim Gyeong-min, Kim Hyeok-hwang, Jeong Dong-yeon, and Kim Won-gi*. 우크라이나 전쟁 이후 중앙아시아 글로벌 가치사슬 변화 전망과 한-중앙아 협력 시사점 [Outlook for Changes in Central Asia's Global Value Chains After the Ukrainian War and Implications for Korea-Central Asia Cooperation] // 서울, 2024. – 200 p (in Korean).

최병희, 1993 – *Choi Byeong-hee*. 카자흐스탄편람 [Handbook of Kazakhstan] // 서울. 1993. 355 p (in Korean).

투자조사단 카자흐스탄 및 우즈베키스탄 파견, 1990.9.6-11 [Investment investigation team dispatched to Kazakhstan and Uzbekistan] // URL: [https://diplomaticarchives.mofa.go.kr/new/publish/docus\\_view.jsp](https://diplomaticarchives.mofa.go.kr/new/publish/docus_view.jsp) (Accessed 15.05.2025) (in Korean).

**<sup>1</sup> Ospanov N.M. <sup>2</sup> Kurmanbayeva K.S. <sup>3</sup> Batyrkhan B.SH.**

<sup>1,2</sup> *R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: osp\_nurlan@mail.ru, kurmanbayeva.ks@gmail.com, <sup>3</sup> hafizbolat@mail.ru*

## COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND SOUTH KOREA IN THE SOUTH KOREAN PERIODICAL PRESS

**Abstract.** This article is devoted to the study of Kazakh-South Korean cooperation since the collapse of the Soviet Union and the beginning of the "Northern Policy" of South Korean President Roh Tae-woo. The novelty of the article is a comprehensive analysis of South Korean scientific literature, which includes materials on Kazakhstan in the field of history, culture, geography, economics and politics. The study of the works of South Korean researchers allows us to understand

the main directions and stages of cooperation between Astana and Seoul. The main objective of the article is to identify and introduce into circulation of Kazakh oriental science the research of South Korean scientists in the field of economics and Kazakhstani studies. The purpose of this study is to study the South Korean periodical press in the field of economics, materials on Central Asia and archival materials in electronic format in the context of cooperation between Kazakhstan and South Korea, to identify the strengths and weaknesses of the two sides from the point of view of Seoul. The article uses descriptive and historical methods of analysis, allowing us to study cooperation between Kazakhstan and South Korea based on South Korean materials. The results obtained during the study allow the authors to conclude that Kazakhstan and South Korea were poorly informed about the political and economic realities of the two countries at the very beginning of their cooperation.

**Acknowledgement.** The article was prepared within the framework of fundamental scientific research by the Ministry of Science and Higher Education of Republic of Kazakhstan «East countries: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions» (№ BR 20281006)

**Keywords:** Kazakhstan, South Korea, cooperation, bilateral relations.

<sup>1</sup> Оспанов Н.М. <sup>2</sup> Курманбаева К.С. <sup>3</sup> Батырхан Б.Ш.

<sup>1,2</sup>Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>osp\_nurlan@mail.ru, <sup>2</sup>kurmanbayeva.ks@gmail.com, <sup>3</sup>hafizbolat@mail.ru

## СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И ЮЖНОЙ КОРЕИ В ЮЖНОКОРЕЙСКОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию казахстано-южнокорейского сотрудничества с момента распада Советского Союза и начала проведения «Северной политики» южнокорейского президента Ро Дэ У. Новизной статьи является комплексный анализ южнокорейской научной литературы, которая включает материалы по Казахстану в сфере истории, культуры, географии, экономики и политики. Изучение работ южнокорейских исследователей позволяет понять основные направления и этапы сотрудничества между Астаной и Сеулом. Основная задача статьи – выявление и введение в оборот казахстанской востоковедческой науки исследований южнокорейских ученых в сфере экономики и казахстаники. Цель данного исследования – изучить южнокорейскую периодическую печать в сфере экономики, материалы по Центральной Азии и архивные материалы в электронном формате в контексте сотрудничества Казахстана и Южной Кореи, выявить слабые и сильные стороны двух сторон с точки зрения Сеула. В статье используется описательный и исторический методы анализа, позволяющие изучить сотрудничество между Казахстаном и Южной Кореей на основе южнокорейских материалов. Результаты, полученные в ходе исследования, позволяют сделать вывод авторам, что Казахстан и Южная Корея в самом начале сотрудничества были слабо осведомлены о политических и экономических реалиях двух стран.

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования МНВО РК на тему: «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстана в историческом и современном измерениях» (№ BR 20281006).

**Ключевые слова:** Казахстан, Южная Корея, сотрудничество, двухсторонние отношения.

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрлан Мұратұлы Оспанов, Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Құралай Смағұлқызы Құрманбаева, Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану

институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Нурлан Муратович Оспанов, научный сотрудник института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Куралай Смагуловна Курманбаева, научный сотрудник института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Батырхан Болатбек Шәденұлы, PhD, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Nurlan Muratovich Ospanov, Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Kuralay Kurmanbayeva, Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Batyrhan Bolatbek, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.